М. ДУЛАТОВ ат.
ҚОСТАНАЙ
ИНЖЕНЕРЛІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚИнЭУ

«КОСТАНАЙСКИЙ
ИНЖЕНЕРНО-
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. ДУЛАТОВА

БЕКІТЕМІН
Ғылыми кеңестің Төрағасы
_____ А.О. Исмаилов
Хаттама № 8 27 03 2025 ж.

2024 - 2030 жылдарға
6B04154 Туризм

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
Екінші басылым

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер»
кафедрасының хаттамасымен қаралды
хаттама № 8 24. 03. 2025 ж.

Қостанай, 2025

Әзірлеушілер:

ББББ жетекшісі, «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр
Тел.: +7 707 544 89 33
қолы
Бимурзина Ляззат Алдабергеновна

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер» кафедрасының э.ғ.к., профессоры
Тел.: +7 777 447 10 70
қолы
Нурмагамбетова Ляйля Искендировна

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы
Тел.: +77056263835
қолы
Байкенова Айгуль Еркеблановна

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы
Тел.: +77767150909
қолы
Аскарова Эльмира Каримжановна

«WESTEL»ТФ ЖШС-нің директоры
Тел.: +7 777 447 74 47
қолы
Ищанова Гульнар Тулендыевна

«Қостанай облысының туризм қауымдастығы» ҚБ-нің басшысы
Тел.: +7 707 399 39 74
қолы
Шудренко Александра Юрьевна

«6В11154 Туризм» ББББ- ның 2-курс студенті
Тел.: +7 7082080078
қолы
Максимова Полина

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

«6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлау 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасын іске асыруға құқық беретін 2012 жылғы 5 қарашадағы № 12020748 лицензияны (білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 021 қосымша) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті берген.

Туризм саласындағы білім беру бағдарламасының мақсаты туристік қызметті тиімді басқаруға қабілетті мамандарды даярлау болып табылады. Бағдарлама білім алушыларға теориялық білім мен практикалық дағдыларды, оның ішінде жобаларды басқару және коммуникация дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ оларды мәдени ерекшеліктермен және орнықты даму қағидаттарымен таныстырады. Оқытудың маңызды құрамдас бөлігі нақты өндірістік жағдайларда практикадан өту болып табылады. Бұл білім алушыларға алған білімдерін іс жүзінде қолдануға және кәсіби құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

«6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген. Бағдарламаның мазмұны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарымен, сондай-ақ жұмыс берушілердің, мүдделі тараптардың және білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарымен айқындалады.

Білім беру бағдарламасының даралығы мен бірегейлігі туристік индустрия кәсіпорындарын әртүрлі деңгейде басқару, туристік өнімді әзірлеу және ілгерілету, туристік ұсынысты қалыптастыру салаларында кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстанның туристік брендін әлемдік деңгейде танытуға қабілетті заманауи маманды даярлаудан көрінеді. Осы білім беру бағдарламасының түлектері туризм және қонақжайлылық индустриясы кәсіпорындарында тиімді қызмет атқаруға мүмкіндік беретін әмбебап және кәсіби құзыреттерді меңгереді, сондай-ақ кәсіби қалыптасуға, мансаптық өсуге және өзін-өзі дамытуға дайын болады.

«6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен өзектілігі аумақтардың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалауға, туристік маршруттарды әзірлеуге, туристік қызметтердің құнын есептеуге, туристік өнімдерді ілгерілетуге, туристерге қызмет көрсетуді ұйымдастыруға, цифрлық мониторинг жүргізуге және туристік қызметтің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалауға қабілетті маманды даярлауға бағытталған кешенді тәсілмен айқындалады.

Дамыту жоспарының ерекшелігі оның өңірлік бағыттылығында: білім беру бағдарламасының мазмұны мен практикалық даярлық Қостанай облысының туристік кәсіпорындарының, қонақүйлерінің, экскурсиялық ұйымдарының, музейлерінің, табиғи нысандарының, мемлекеттік органдарының және басқа да ұйымдарының қажеттіліктеріне бағдарланған. Білім беру үдерісіне жобалық оқыту, туристік маршруттарды әзірлеу, цифрлық маркетинг, туризмдегі жасанды интеллект, туристік кәсіпкерлік, фандрайзинг негіздері және туристік дестинацияларды ілгерілетудің заманауи технологиялары енгізілген. Ішкі және келу туризмін, экологиялық, ауылдық, мәдени-танымдық, оқиғалық, белсенді және инклюзивті туризм түрлерін дамытуға, сондай-ақ Қостанай облысы мен Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін ілгерілетуге ерекше назар аударылады.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың практикаға бағдарланған моделі жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың пәндер мазмұнын

өзектендіруге, оқу сабақтарын, көпшілік дәрістерді, дөңгелек үстелдер мен семинарларды өткізуге, сондай-ақ оқыту нәтижелерін бағалауға қатысуын көздейді.

Білім беру бағдарламасының Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтарымен үйлесімділігі Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының және Университеттің даму бағдарламасының ережелеріне бағдарлану арқылы қамтамасыз етіледі.

Білім беру бағдарламасы экономиканы әртараптандыруға және шикізаттық емес секторды дамытуға, адами капиталдың сапасын арттыруға, жұмыспен қамтуды ұлғайтуға, цифрландыруды, кәсіпкерлікті және аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстанның туристік брендін ілгерілетуге үлес қосады.

Аталған басымдықтарға қол жеткізу осы Жоспардың нысаналы көрсеткіштері арқылы қамтамасыз етіледі: 2029 жылға қарай түлектердің жұмысқа орналасу үлесін 85%-ға дейін арттыру; жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерін жыл сайын білім беру үдерісіне тарту; пәндерді онлайн-курстармен 100% қамтамасыз ету; білім беру және зерттеу жобаларын іске асыру; студенттік стартаптарды, профессор-оқытушылар құрамының жарияланымдық белсенділігін және халықаралық деңгейде танылған тілдік құзыреттерді дамыту.

Көрсеткіштерге жыл сайын мониторинг жүргізу және жұмыс берушілердің қатысуымен пәндердің мазмұнын уақтылы түзету білім беру бағдарламасының ұлттық және салалық мақсаттарға қол жеткізуге қосатын өлшенетін үлесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасын іске асыру болашақ түлектердің бакалаврдың біліктілік шеңберіне сәйкес келетін және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

1.2 ББ дамыту үшін ішкі жағдайлар

Университеттің аудиториялық қоры 106 кабинет пен аудиторияны құрайды, оның ішінде: 12 мамандандырылған кабинет, 33 зертхана, 6 компьютерлік сынып, 48 оқу аудиториясы, 2 спорт залы, 2 конференц-зал, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы, 1 бейнежазба студиясы және 2 мектеп (Кәсіпкерлік мектебі және IT мектебі) бар. Кітапхананың жалпы қоры 396 717 дананы құрайды.

Сонымен қатар, «Белсенді туризм түрлерінің техникасы мен тактикасы», «Туристік қызметті картографиялық қамтамасыз ету», «Белсенді туризм түрлеріндегі іс-шараларды ұйымдастыру» пәндері бойынша жоспарлы практика мен практикалық сабақтарды өткізу үшін Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Өңірлік дене шынықтыру және қосымша білім беру орталығы» КММ-мен меморандум жасалған.

Аталған материалдық базада тау туризміндегі өрмелеу техникасы, спорттық құзға өрмелеу, альпинизм, туристік көпсайыс, іздестіру-құтқару жұмыстары және басқа да бағыттар бойынша сабақтар өткізуге арналған оқу-жаттығу құзға өрмелеу қабырғасы бар.

Құзға өрмелеу қабырғасының жалпы ауданы 160 м² құрайды. Бұл халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық жарыстар аясында «Жылдамдық» және «Туристік көпсайыс» сияқты жарыс түрлерін өткізуге мүмкіндік береді.

Туристік-спорттық жорықтарды ұйымдастыру, студенттердің далалық туристік-экскурсиялық практикаларын өткізу, сондай-ақ кафедра командасын туризм техникасы бойынша слеттер мен жарыстарға, спорттық бағдарлау және құзға өрмелеу жарыстарына жүйелі түрде даярлау үшін жаяу және таулы бағыттардағы санаттық және санаттық емес жорықтарды өткізуге арналған жаңа үлгідегі бивактық және арнайы туристік құрал-жабдықтар жиынтықтары (жеке және топтық) бар.

Білім беру бағдарламасы бакалаврларға білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген кәсіптік практиканың барлық түрлерінен өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша практика базалары: «WESTEL» туристік фирмасы ЖШС және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Өңірлік дене шынықтыру және балалар-жасөспірімдер туризмі орталығы» КММ.

1.3 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер

«6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша 11 оқытушы қызмет көрсетеді, олардың ішінде 4 ғылым кандидаты және 1 қосымша жұмыс атқаратын оқытушы бар. Ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының үлесі 36,4%-ды, штаттық профессор-оқытушылар құрамының үлесі 90,9%-ды құрайды.

Дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтар өткізуге туризм саласындағы негізгі ұйымдардың басшылары мен жетекші мамандарын тарту жоспарланған. Туризм индустриясының практик-мамандарын білім беру үдерісіне тарту теорияны практикамен ұштастыруға және түлектердің кәсіби ортаға жылдам бейімделуіне мүмкіндік береді.

Пәндерді оқыту сапасын жетілдіру мақсатында «6В11154 Туризм» білім беру бағдарламасын іске асыратын кафедра оқытушылары оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және одан әрі қолдану жұмыстарын жандандырады.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Кафедра оқытушылары ғылыми зерттеулердің нәтижелерін әзірлеп, оқу үдерісіне енгізуде.

Профессор-оқытушылар құрамы ғылыми конференцияларға белсенді қатысады, ғылыми журналдарда мақалалар жариялайды, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді және диссертациялық зерттеулерге рецензия жасайды.

Профессор-оқытушылар құрамының Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған мерзімді ғылыми басылымдарда, сондай-ақ импакт-факторы бар және Thomson Reuters, Scopus дерекқорларында индекстелетін журналдарда жарияланған мақалалары бар.

2 Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

Мақсаттар мен индикаторлардың атауы	Өлшем бірл.	Есеп. кезең 2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	барлығы	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
Мақсат 1. Өңірлік экономиканың және жаһандық еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа үлгідегі білімді тұлғаны қалыптастыру											
1. Оқу аяқталғаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналастырылған түлектер саны (түлектердің жалпы санынан)	%	-	-	-	-	84	84	84	84	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, КО	Кафедра отырысының хаттамасы
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің саны	%	-	-	-	-	86	86	86	86	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, КО	
3. *«Алтын белгі» белгілері бар ББ-ға түскендердің, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған)жеңімпаздарының саны*	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚК	Оқуға қабылдау туралы бұйрық
4. ЖОО түлегі жалақысының орташа деңгейінің ҚР бойынша орташа айлық жалақыға арақатынасы	%	-	-	-	-	0,70	0,71	0,72		кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, АРБ	Есеп
Мақсат 2. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған күш-жігерді біріктіру											
1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ББ білім алушылар саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СҚО	Есеп
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жағдайлардың қамтамасыз етілу деңгейі (оқу бағдарламалары, лифтілер, пандустар, тұтқалар және т. б.)	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ИҚ ДжПБ	Есеп
3. Жатақханада тұратын білім алушылардың саны	адам	-	1	3	3	3	3	3	16	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ	Есеп
4. Волонтерлік қызметпен айналысатын білім алушылардың саны	адам	-	2	3	3	4	4	4	20	кафедра меңгерушісі, ББ, ЖСБ басшысы	Есеп

5. ЖОО-ның, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушылардың саны	адам	-	2	3	3	4	4	4	20	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ	Есеп
6. Студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың, жастар комит жөніндегі комитеттердің қызметіне тартылған білім алушылардың саны	адам	-	2	3	3	4	4	4	20	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ	Есеп
Мақсат 3. Өсу мен орнықты дамуды қамтамасыз етудің стратегиялық басымдығы ретіндегі интернационалдандыру											
1. ББ бойынша оқитын жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің саны	адам	0	1	1	1	2	2	2	9	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СҚО	Бұйрық
2. QS/ Top-100 рейтингі QS by subject ішінен серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберінде ББ бойынша білім алушылардың саны	адам	0	0	0	0	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ТО, ХЫО	Бұйрық
3. ЖОО базасында орындалатын халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны	адам	0	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО	Есеп
4. Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ББ бойынша ПОҚ саны	адам	-	1	1	2	2	2	2	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
5. ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО	Бұйрық, транскрипт білім алушылардың
6. Жоғары h-индексі бар тартылған шетелдік ғалымдардың саны	адам	-	1	1	2	2	2	2	10	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
Мақсат 4. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту											
1. Онлайн курстар әзірленген пәндердің үлесі	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО	Хаттама
2. Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін прокторинг жүйесін пайдалану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО	Есеп
3. Пайдаланылатын жүйелердің жалпы санында қарыз алуды айқындаудың енгізілген ақпараттық жүйелерінің үлесі (келісімнің болуы)	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦжАТБ	Есеп

4. ЖОО ның онлайн білім беру порталының жұмыс істеуі	дерек	+	+	+	+	+	+	+	+	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦжАТБ	Есеп, сілтеме
5. Сандық платформаны қолдана отырып жүргізілген зерттеулер саны	бірлік	-	1	1	1	1	1	2	7	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
6. Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдардың саны	адам	-	2	2	2	2	2	2	12	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
7. Оқу процесіне енгізілген электрондық ресурстар санының өсуі	%	-	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8		кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
8. Оқу процесінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО	Есеп
Мақсат 5. Инфрақұрылымды дамыту және кірістерді әртараптандыру											
1. Білім беру процесінде қолданылатын виртуалды зертханалардың саны	бірлік	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	есеп есеп
2. Енгізілген виртуалды зертханалар саны	бірлік	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	
3. Менің және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар саны	бірлік	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	есеп
4. Менің, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен гранттар саны	бірлік	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	есеп
Мақсат 6. Корпоративтік басқаруды, менеджментті және кадрлық әлеуетті дамыту											
1. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ саны	адам	-	2	2	2	2	2	2	12	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
Мақсат 7. Зерттеу экожүйесін қалыптастыру											
1. Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО	Есеп

2. ЖОО базасында іске асырылатын жобалардың жалпы санынан ЖОО-ның жұмыскерлері, білім алушылары іске асырған стартап жобалардың саны	бірлік	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЖСБ	Есеп
3. Ғылыми-зерттеу қызметіне ЖОО грантын алған жас ғалымдардың саны	бірлік	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
5. Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны	бірлік	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
6. Тартылған жас зерттеушілердің саны	бірлік	-	2	2	2	2	2	2	12	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
7. Университет базасында қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны	бірлік	-	0	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп

3 ББ үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар

Ықтимал тәуекел	Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар	Жауаптылар және іске асыру мерзімдері
1	2	3
Сыртқы тәуекелдер		
1. Бірқатар білім беру бағдарламаларының беделінің төмендеуі, оның ішінде туризм саласындағы білім беру бағдарламаларына сұраныстың азаюы	Білім беру бағдарламасының оқыту траекторияларын өзгерту	ББ жетекшісі, ББӘК, 2024 жылғы қабылдау
	Өңірдің туристік саласының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жетілдіру	ББ жетекшісі, ББӘК, 2024 жылғы қабылдау
2. Білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі	Өңір талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының тартымдылығын арттыру	ББ жетекшісі, ББӘК, ПОҚ, 2024 жылғы қабылдау
	Практикалық тағылымдамаларды ұйымдастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында кәсіпорындармен және ұйымдармен әріптестікті дамыту	ББ жетекшісі, ББӘК, ПОҚ, 2024–2030 жылдар
	Білім беру қызметтерін тұтынушылармен кері байланысты жетілдіру және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру	ББ жетекшісі, ББӘК, ПОҚ, 2024–2030 жылдар
3. Еңбек нарығындағы өзгерістер және мамандарға қойылатын талаптардың жаңаруы	Мамандандырылған тренингтер мен оқыту семинарларын өткізу	ББ жетекшісі, ББӘК, ПОҚ, 2024–2030 жылдар
	Оқу бағдарламаларын жаңарту және олардың заманауи талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында еңбек нарығының үрдістерін талдау	ББ жетекшісі, ББӘК, ПОҚ, 2024–2030 жылдар
4. Әкімшілік тәуекел	Қазақстан Республикасы заңнамасының, стандарттардың, нормативтік ережелер мен нұсқаулықтардың барлық талаптарын қатаң сақтау	ББ жетекшісі, ББӘК, ПОҚ, 2024–2030 жылдар
5. Білім беру бағдарламасының өңірлік туристік ұйымдармен өзара іс-қимылының жеткіліксіз деңгейі	ПОҚ-тың өңірлік туризм индустриясы ұйымдарымен бірлескен іс-шараларын өткізу: дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары, семинарлар және қонақ дәрістер	ББ жетекшісі, ББӘК, кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2025–2030 жылдар, жыл сайын кемінде 2 іс-шара
	ПОҚ-тың туристік кәсіпорындармен, қонақүйлермен, музейлермен, экскурсиялық ұйымдармен және өңірдің мемлекеттік	ББ жетекшісі, кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2026–2030 жылдар, жыл сайын кемінде 1 жоба немесе зерттеу

	органдарымен бірлесіп қолданбалы жобалар мен зерттеулерді орындауы	
	Өңірдің туристік кәсіпорындары, қонақүйлері, музейлері, табиғи және мәдени-тарихи нысандары базасында көшпелі сабақтар, экскурсиялар және практикалық кездесулер өткізу	ББ жетекшісі, кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2026–2030 жылдар, жыл сайын кемінде 2 іс-шара
	Өңірлік туристік ұйымдардың өкілдері, мектептер мен колледждердің білім алушылары үшін кәсіптік бағдар беру және консультациялық іс-шаралар өткізу	ББ жетекшісі, ББӘК, кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2026–2030 жылдар, жыл сайын кемінде 2 іс-шара
Ішкі тәуекелдер		
1.ПОҚ-тың шетел тілдерін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі	Университет оқытушылары үшін шетел тілдерін тереңдетіп оқыту курстарын өткізу	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ: 2024 жылы – 1 адам, 2025 жылы – 1 адам, 2026 жылы – 1 адам, 2027 жылы – 1 адам, 2028 жылы – 1 адам, 2029 жылы – 1 адам, 2030 жылы – 1 адам
2. Халықаралық ғылыми басылымдарда мақалалар жариялайтын ПОҚ санының азаюы	Материалдық ынталандыру арқылы ПОҚ-ты рейтингі жоғары ғылыми басылымдарда мақалалар жариялауға уәждеу	ББ жетекшісі, кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2026–2030 жылдар
3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі	Шаруашылық келісімшарт негізінде орындалатын тақырыптар мен ғылыми жобалардың санын арттыру	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2025–2030 жылдар, жылына 1 жоба
4. Экономикалық тұрақсыздық	Білім алушыларды қолдау мақсатында оқу ақысын төлеудің икемді бағдарламаларын немесе стипендиялық бағдарламаларды енгізу	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ; 2025–2030 жылдар

4 SWOT-ББ талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Еңбек нарығында сұранысқа ие білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды даярлау Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру Мансаптық бағыттардың икемділігі мен әртүрлілігі: түлектер қонақүй бизнесінен бастап туристік жобаларды басқаруға дейінгі әртүрлі салаларда жұмыс істей алады Туризм саласында бизнесті және стартаптарды басқаруға қажетті кәсіпкерлік дағдыларды дамыту Оқыту мазмұнына «Туризмдегі жасанды интеллект» сияқты заманауи бағыттардың енгізілуі білім алушыларды саланың қазіргі сын-қатерлеріне дайындауға мүмкіндік береді Практикадан өту және практикалық сабақтар өткізу бойынша кәсіпорындармен меморандумдардың жасалуы Зерттеу әдістеріне оқыту Микробіліктіліктің болуы	Білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеуінің болмауы Инновациялық жобалар мен ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейінің төмендігі Техникалық қамтамасыз ету деңгейінің жеткіліксіздігі Мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік басылымдардың жеткіліксіздігі Туризм саласындағы кәсіпорындар мен бизнес субъектілерінің ғылыми зерттеулерді дамытуға және қаржыландыруға қызығушылығының төмендігі Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі
Мүмкіндіктер	**Қауіптер**
Негізгі жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын кәсіптік стандарттарға бейімдеу Халықаралық ынтымақтастықты, академиялық ұтқырлықты және қос дипломды білім беру бағдарламаларын дамыту Туризм және қонақжайлылық саласындағы білім беру бағдарламасының беделділігі мен оған деген сұраныс Әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізу Кадр саясатын іске асыру және білікті шетелдік мамандарды тарту Оқыту сапасы мен тиімділігін арттыру Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамыту Білім беру үдерістерін цифрландыру	Білім беру бағдарламаларының әлемдік және республикалық нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі Әлемдік үрдістерге және білім беру қызметтері нарығы конъюнктурасының өзгеруіне тәуелділік Білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің әлі болмауына байланысты жұмысқа орналасу көрсеткіштерінің қалыптаспауы Алғашқы түлектер шығарылғанға дейін білім беру бағдарламасының «Атамекен» рейтингіне қатыса алмауы Талапкерлер санының азаюы Қостанай облысының білім беру қызметтері нарығында ұқсас білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарының болуы

Келесі өзгерістер енгізілді:

1. Кафедраның кеңейтілген отырысында қаралды (2025 жылғы 24 наурыздағы № __ хаттама).
2. 1.1-тармақ «Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының бірегейлігі мен даралығы» бөлімімен және нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін оның Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтарымен үйлесімділігі туралы мәліметтермен толықтырылды.
3. 2-тармаққа профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен өңірлік туристік ұйымдармен өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған іс-шаралар енгізілді.